


Білім арзымайтын байлық

Знание капитал, не подверженный инфляции

# ПАРАСАТ

№9(33), 01.10.2024

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ИЗДАЕТСЯ С 22 МАРТА 1996 ГОДА

## ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!
## ПОЗДРАВЛЯЕМ С ДНЕМ РАБОТНИКОВ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ!

### ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ҚАРТТАР КҮНІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті оқытушылар, педагогика саласында еңбек етіп жүрген ардагерлер! Сіздерді шын жүрегіммен кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын.

Атақты жерлесіміз, қазақтың дана ұлы Мағжан Жұмабаев «Алты алаштың басы қосылса, төр – ұстаздікі» деген еді. Ұстаздықтан жалықпай жүрген жоғары білім саласының оқытушылары – қоғамның үлкен ризашылығы мен сыйластығына лайық. Біздің университет биыл 87-ші жыл өңірдің, еліміздің экономикасы мен әлеуетін, білім беру жүйесін, жалпы әр салаға қажетті кадрлармен қамтамасыз етіп келеді. Бүгінде еліміз дамудың сара жолымен келе жатса, ол Сіздердің арқаларыңыз.

Сіздер өз қызметтеріңізде даналық пен әділеттіліктің үлгісін танытып, үлкен жауапкершілікпен заман талабына сай білімді де білікті мамандар дайындап келесіздер. Университет әкімшілігі де заман талабына сай сапалы білім беру үшін дамудың тың бағыттары мен бағдарламаларын қолданысқа енгізуде. М. Қозыбаев университеті АҚШ-тың Аризона және Қытай елінің Солтүстік Батыс ауыл шаруашылығы және орман ғылымдары мен технологиялар университетімен іскерлік байланыс орнатып, білім көкжиегін кеңейтуде. Мұндай бағыттарды сенімділікпен қолға алса, ол – жоғары оқу орнының кадрлық құрамына деген сенімділіктің көрінісі.

Біздің университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы кәсіби мамандардан құралған. Жергілікті университетте 400-ден астам оқытушы жұмыс істейді. Соның ішіндегі 110 адам зейнет жасына жетседе, еңбегін жалғастырып отырған аға буын. «Қарттың қайраты тілінде» деген қазақтың ұлағатты сөзі де осы кезде еске түседі. Жылдар бойы жинаған білім-біліктерін ұрпақтың бойына дарыту – аға буынның көздегені. Ардагер ұстаздардың осы қасиеті құрмет пен сыйластыққа лайық. Қозыбаев университеті шаңырағында оқытушылық қызметін атқарған, бүгінде зейнет қызығын көріп отырған барлық ардагерлерімізге үлкен алғыс білдіре отырып, мерекемен шын жүректен құттықтаймыз. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» дегендей бүгінгі жастардың бойына сол қасиетті сіңіру біздің мақсатымыз.

Құрметті әріптестер мен аға буын өкілдері сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын, игі істеріңіз өркендей берсін. Жаңа жетістіктеріңізге табыс тілеймін. Өнерлі әрі дарынды шәкірттеріңіз көп болсын!

***Ербол Исакаев***

### МИНИСТР САЯСАТ НУРБЕК ОБСУДИЛ С УЧЕНЫМИ НАУЧНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ

*Министр науки и высшего образования Республики Казахстан Саясат Нурбек посетил Kozybayev University. Первым делом он принял участие в церемонии открытия нового учебного года для студентов, обучающихся по программе двудипломного образования совместно с университетом Аризоны, затем побывал на открытии нового общежития вуза. Визит завершился совещанием, на котором обсудили достижения и актуальные проблемы системы образования и науки.*

Саясат Нурбек обсудил с профессорско-преподавательским составом научный потенциал Kozybayev University. Говоря о трансформации научно-исследовательской деятельности вузов, министр уточнил, что наука должна работать в реальном секторе экономики. Речь шла о важности опираться на мировые научные достижения, сотрудничать с научными центрами, пользоваться поддержкой местных исполнительных органов.




«Сегодня объем грантового финансирования научных проектов ученых Козыбаев университета составляет свыше 700 млн.тенге. Теперь вуз вошел в программу по созданию Центров академического превосходства и будет ежегодно получать дополнительное финансирование на переоснащение лабораторий, повышение квалификации ученых и т.д. Вы единственная региональная площадка для всего местного бизнеса, чтобы делать научно-исследовательские проекты. Поэтому помимо передачи знаний студентам, вам нужно научиться создавать новые знания и решения. Тогда появятся совершенно новые пути реализации», отметил Саясат Нурбек.

На встрече обсуждались меры по поддержке науки и инноваций, в том числе финансирование научных исследований и создание условий для молодых ученых. В завершение Саясат Нурбек призвал участников делиться идеями для дальнейшего развития системы образования в стране.

***Мария Пономаренко***

## НОВОЕ ОБЩЕЖИТИЕ ДЛЯ СТУДЕНТОВ И ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ



Торжественная церемония открытия современного Дома студентов прошла в Петропавловске с участием министра науки и высшего образования РК Саясата Нурбека, акима СКО Гауеза Нурмухамбетова и делегации Университета Аризоны, являющаяся стратегическим партнером Северо-Казахстанского университета уже четвертый год. «Университет Аризоны– наша особая гордость, первый пример успешного партнерства. Первоначальной задачей было создание академических хабов на базе региональных университетов. И сегодня мы видим, что двудипломные программы привлекают молодых людей со всего Казахстана и зарубежья. Вторая задача– это трансформация Kozybayev University в международный исследовательский университет. Хорошая новость: этот вуз был отобран в большую программу «Центры академического превосходства». Теперь ежегодно Козыбаев университет будет получать дополнительное финансирование на оснащение и повышение научно-исследовательского потенциала, приглашение «звёздных» профессоров, переподготовку кадров. Дело в том, что Университет Аризоны является большим партнером Министерства сельского хозяйства США, он управляет экспериментальными полями в Аризоне. Акимат СКО сразу понял этот потенциал. И теперь совместными усилиями с МНВО РК будем помогать Козыбаев университету, чтобы он стал сильным, агротехническим исследовательским хабом для всего северного региона страны….Потому что университет – это не просто академическая площадка. Университет – это экономический, инвестиционный якорь»,- отметил Саясат Нурбек.

Благодаря сотрудничеству с Университетом Аризоны успешно реализуются совместные образовательные программы, где уже обучаются свыше 1000 человек. Чтобы закрыть потребности в проживании студентов в вузе запустили новое общежитие на 156 мест. Также дополнительно в здании расположили 25 квартир для профессоров, которые приедут преподавать студентам международных программ. Все комнаты оснащены современной мебелью и новой бытовой техникой.В скором времени планируется открытие еще одного Дома студентов на 1200 мест. 100% студентов будут обеспечены общежитиями.

## ПОЗДРАВЛЕНИЕ РЕКТОРА СКУ ИМ. М. КОЗЫБАЕВА

Дорогие наши ветераны и пенсионеры!

1 октября мы отмечаем важный день, посвященный вам — людям, которые с мудростью и опытом прошли через множество жизненных испытаний. Ваш вклад в развитие общества и образование неизмерим. Вы являетесь примером для молодого поколения!

В этот особенный день хочу выразить Вам свою искреннюю благодарность за вашу стойкость, терпение и заботу. Вы передали нам свои ценности, традиции и истинные жизненные уроки. Пусть каждый ваш день будет наполнен радостью, теплом и любовью от близких.

С праздником! Желаем здоровья, счастья и неиссякаемой жизненной энергии!

Дорогие коллеги и уважаемые преподаватели!

В октябре мы отмечаем замечательный праздник — День работников высшего образования. Этот день посвящен тем, кто посвящает свою жизнь обучению, вдохновению и формированию будущих поколений. Вы — сердца и умы нашего университета, и именно благодаря Вашему труду и преданности мы можем гордиться тем, что являемся теми, кто меняет мир.

Каждый из вас — не просто педагог, вы — настоящие mentors и проводники в мире знаний. Ваша мудрость, терпение и искреннее желание помочь студентам найти свой путь — это то, что делает нашу образовательную среду уникальной и динамичной.

Хочу поблагодарить Вас за ваше стремление к совершенству и вашу способность вдохновлять. Желаю Вам здоровья, творческих успехов и научных изысканий. Пусть Ваши усилия будут вознаграждены успехами студентов и теплыми словами благодарности. С Днем работников высшего образования!

# ВПЕРЕД - К НАУЧНЫМ СВЕРШЕНИЯМ!

**Октябрь примечателен не только любимым праздником педагогов, но и не менее замечательным Днем пожилых людей. Среди преподавателей вуза немало заслуженных ветеранов, отдавших долгие годы работе в университете и воспитавших не одно поколение профессионалов. Касия Мурзахметовна Кангужина – одна из таких заслуженных учителей. Отличник образования Республики Казахстан, почетный работник сферы, обладательница множества наград и благодарностей, и сегодня, несмотря на возраст, а ей, между прочим, уже 75 лет, мотивирует молодежь на успех и заряжает на научные свершения.**



Заслуженный профессор работает на кафедре "Теория и методика физического и военного воспитания", является кандидатом биологических наук. Любовь к исследованиям в ней загорелась с ранних лет. Это же увлечение привело ее в Карагандинский государственный пединститут, в котором она Касия Мурзахметовна выучилась на специальность «химия-биология». По направлению вернулась в родную Северо-Казахстанскую область, где начала свой трудовой путь с работы в сельской школе. Но жажда к научным свершениям требовала более значительных уровней. Так, в 1974 году она пришла работать в Петропавловский педагогический институт, то есть в современный СКУ, в качестве лаборанта. Это был действительно важный шаг и мощный старт.



"Даже работая лаборантом я была заинтересована в научных исследованиях, потому что преподаватели нашей кафедры занимались наукой на постоянной основе. Студенты тоже в это были активно включены. Писались курсовые, дипломные работы, многие коллеги впоследствии защитили кандидатские диссертации", - вспоминает профессор.

Затем по целевому направлению Касия Мурзахметовна поступила в очную аспирантуру при институте физиологии Академии наук Казахской ССР, где продолжила научные изыскания, начатые еще в Северо-Казахстанской области. При такой работоспособности неудивителен путь К.М. Кангужиной – от лаборанта до декана факультета. Сама наша героиня безмерно благодарит всех людей, что когда-то определили ее путь в науке и помогали ей.



Научные статьи за авторством профессора вызывают особенный интерес своей актуальностью. Например, Касия Мурзахметовна рассматривала вопросы лечебной физкультуры, изучала влияние физнагрузки на состояние организма человека. За ней множество научных публикаций и методических пособий на казахском и русском языках.

"Меня мотивирует то, что я работаю со студенческой молодежью. Им я хочу пожелать учиться, учиться и еще раз учиться, заниматься спортом, соблюдать здоровый образ жизни, заниматься научными исследованиями. Сейчас есть возможности для роста – карьерного и научного. Накануне праздников – Дня учителя и Дня пожилых людей, хочу пожелать всем коллегам и ветеранам крепкого здоровья, счастья, благополучия в семьях и чистого и ясного неба над головой!", - напутствует нас профессор.

А мы с удовольствием к этим поздравлениям и теплым словам присоединяемся!

**Камила Иргизбаева,**
**студентка группы Ж-22**

"Меня мотивирует то, что я работаю со студенческой молодежью".
**К.М. Кангужина**

# ШЕТЕЛДІК ҚОНАҚТАРДЫҢ МАҚСАТЫ – ІСКЕРЛІКТІ КЕҢЕЙТУ





Қозыбаев университетінің әкімшілігі аризондық (АҚШ) серіктестерінің делегациясын қонақжайлылықпен қарсы алды. Бұл жолы қонақтар оқу-зертханалық ғимаратының ғылыми-зерттеу жабдықтарымен танысты, студенттер мен оқытушыларға арналған жатақханаларды аралады. Облыс әкімінің орынбасары Жүсіп Жұмағұлов және ЖОО басшылығымен де кездесті.

«Аризона университеті Қозыбаев университетінің стратегиялық серіктесі болып табылады. Бүгінгі таңда 1000-ға жуық студент бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша білім алуда. Сонымен қатар, біз ғылыми салада ынтымақтастық құрамыз. Өткен аптада Аризона университетінің делегациясымен біздің облысымыз, еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігін арттыратын бірлескен ғылыми зерттеулер үшін 500 гектар жер бөледі деп келістік. Үшжақты меморандум аясында жобаға қытайлық әріптестерді де тартамыз. Бұл жұмыстың нәтижесі АӨК арттыруда өз жемісін береді деп сенеміз», – деді Жүсіп Жұмағұлов.

Американдық делегация өкілдері Аризона штатының серіктестік бағдарламасына тоқталып, ғылым мен бизнес, мәдени алмасу саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық танытты.

Аризона штаты губернаторы Кеңсесінің федералды істер бөлімінің директоры Билли Ковакс сапардың мақсаты СҚО және ЖОО-мен танысу екенін атап өтті.Серіктестікті нығайтуға ықпал ететін сауда, білім беру, мәдени байланыс сияқты бағыттарға тоқталды. Кездесуге қатысушылар естелік сыйлықтармен алмасып, өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыруға ниеттерін білдірді.

# ЕЛШІЛЕР ДЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТУДА

АҚШ-тың ҚР-дағы Елшісі Дэниел Розенблюм мен Жапонияның ҚР–дағы Елшісі Ямада Джун Қозыбаев университетіне келіп кетті. Басқарма Төрағасы-Ректор Ербол Исақаев қонақтарға Аризона университетімен қолға алынған ынтымақтастық жоба туралы кеңейтілген ақпарат берді. Бұл шетелдік жоғары оқу орнымен стратегиялық әріптестік бойынша еліміздегі алғашқы табысты жобалардың бірі. Бүгінде Қазақстанның барлық аймақтарынан және шетелдерден 1000-ға жуық білімалушы қос дипломдық және халықаралық бағдарламалар бойынша оқытылуда.Ынтымақтастықтың келесі кезеңі – аймақтың агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулер болмақ.

«АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Аризона университетінің ғалымдарының қолдауымен біз суару технологиясы мен су ресурстары бойынша бірлескен гранттық зерттеу жобасына кірістік. Аризона университетімен, Қытайдың Солтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы университетімен суды зерттеу мәселелері бойынша үш жақты келісім жасалды. Бұл жұмыстардың барлығы университеттің халықаралық тұрақтылығын нығайтуға және білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Басты мақсат – ЖОО-ны халықаралық стандарттарға сай зерттеу университетіне айналдыру», – деді Ербол Исақаев.

Дэниел Розенблюм Аризона университетімен ынтымақтастық жобасына қолдау білдірді. Сондай-ақ, АҚШ Елшілігі университеттермен серіктестік бағдарламасы аясында Қозыбаев университетінің ғылыми жобаларына гранттық көмек көрсетуге дайын екендігін де айтты. Серіктестіктің тағы бір саласы – Фулбрайттың «Ағылшын тілін оқыту жөніндегі көмекшісі» (ETA) бағдарламасы. Бұл бағдарлама бойынша университетке Джесси Дромски-Рид келген болатын. Осы оқу жылы ішінде ол білім алушыларға сабақ өткізеді.

Қонақтар қос дипломдық бағдарлама бойынша оқып жүрген студенттермен де кездесті. Айтып өтсек, келесі жылы студенттердің алғашқы тобы Тусон қаласындағы Аризона университетінің негізгі кампусына оқуға аттанады. Студенттерді виза алу, құжаттарды рәсімдеу, басқа елге бейімделу мәселелері қызықтырады. АҚШ Елшісі оларға жан-жақты қолдау көрсетуге ниетті екендерін жеткізді.

**Зарина Мақшаева,**
**«Медиаорталық» редакторы.**



# О ПЕДАГОГЕ ЗАМОЛВИТЕ СЛОВО...

## УЧИТЕЛЬ — ЭТО ЗВУЧИТ ГОРДО! ПОТОМУ ЧТО ЭТО МИССИЯ!

Учителя — это те, кто с самого начала нашего жизненного пути направляют нас, помогая открыть мир во всей его сложности и красоте. Они не просто передают знания, а учат мыслить, искать ответы на вопросы, познавать и анализировать. Учитель становится тем, кто первым показывает нам, как преодолевать трудности и идти вперед, несмотря на преграды.

Учитель — это звучит гордо, потому что это призвание. Учительская профессия — это не только обучение по школьной программе. Это способность вдохновлять, поддерживать и находить подход к каждому ученику, даже в самых сложных ситуациях. Учитель всегда видит потенциал в каждом ученике, даже тогда, когда сам ученик еще не осознает своих возможностей. Именно учителя зажигают в нас огонь любопытства и стремление к новым открытиям.

Учитель — это звучит гордо, потому что это огромная ответственность. Каждый день на плечи учителей ложится важная задача — воспитать и направить новое поколение. От их терпения, знаний и подхода зависит будущее общества. Учителя помогают ученикам формировать не только профессиональные навыки, но и жизненные принципы, которые будут сопровождать их всю жизнь. Но за всеми этими достижениями стоит огромная работа, требующая не только глубоких знаний, но и терпения, понимания и искренней любви к своему делу. Учителя часто трудятся далеко за пределами классных стен — это и подготовка уроков, и переживания за успехи учеников, и постоянное стремление совершенствоваться.

Сегодня мы выражаем глубокую благодарность тем, кто выбрал этот сложный, но такой важный путь. Мы гордимся нашими учителями и ценим их вклад в наше будущее. Без их усилий и преданности не было бы ни врачей, ни инженеров, ни ученых. Учителя помогают каждому из нас сделать первые шаги на пути к великим достижениям.

Спасибо вам, уважаемые учителя, за вашу неоценимую работу. Пусть ваши усилия всегда будут вознаграждены успехами и достижениями ваших учеников!

Учитель — это звучит гордо. И это справедливо.

**Инира Бекбулатова,**
**студентка группы Ю-24-3**

## ЗА ВСЁ ГОВОРЮ Я СПАСИБО!

Уважаемые педагоги, дорогие преподаватели Северо-Казахстанского университета имени М. Козыбаева!

В этот особенный день, посвящённый всем вам, я хочу выразить свою глубокую благодарность за ваш труд и безграничное терпение. День учителя — это не просто дата в календаре. Это момент, когда мы, ваши студенты, останавливаемся и осознаём, какой огромный вклад вы вносите в наше будущее, нашу жизнь, наше понимание мира.

Особенно хочу отметить преподавателей кафедры «Журналистика» нашего университета. Благодаря вам, мы не только получаем ценные знания в области журналистики, но и учимся профессионализму, ответственности и человеческим качествам. Ваши отзывчивость, готовность прийти на помощь и внимательное отношение к каждому студенту — это те качества, которые вдохновляют нас двигаться вперёд, стремиться к лучшему и не бояться трудностей.

Профессионализм — это не просто умение преподавать, это способность понять каждого студента, найти подход к каждому, помочь поверить в свои силы. Именно это вы делаете ежедневно, и мы бесконечно благодарны вам за это.

День учителя — это наш шанс сказать вам спасибо. Спасибо за ваше время, за ваши усилия, за вашу веру в нас. Без вас мы бы не стали теми, кто мы есть сегодня, и не стремились бы к тому, кем мы хотим стать завтра.

***Жаслан Бегиман,***
**студент группы Ж-22**

## БЫТЬ ПРИМЕРОМ

Учитель — это не просто человек, который объясняет школьные предметы. Это наставник, который ведет своих учеников через все сложности учебного процесса, помогая не только постигать науку, но и учить думать, анализировать, искать решения. Учитель учит не только ответам, но и вопросам — тем, которые стимулируют любознатель- ность и развивают интерес к знаниям.

Работа учителя не заканчивается с уроком. Это постоянная самоотдача, ежедневная работа над собой и стремление к тому, чтобы быть не просто источником знаний, но примером для подражания. Ведь дети видят в учителе не только профессионала, но и человека, который помогает им разобраться в жизненных вопросах, понять мир вокруг и свое место в нем.

Учитель — это тот, кто учит своим собственным примером: терпению, мудрости, справедливости и доброте. Через своё отношение к ученикам, к их успехам и неудачам учитель закладывает в их сознание понятия о чести, уважении, ответственности.

Каждый из нас помнит хотя бы одного учителя, который оставил глубокий след в его жизни. Того, кто помог поверить в себя, кто поддержал в трудную минуту, кто зажёг огонь интереса к знаниям и вдохновил на достижения. Эти учителя остаются в наших сердцах навсегда.

Сегодня, как никогда, важно осознавать, что профессия учителя — это важнейший элемент нашего общества. Учитель формирует будущее, воспитывает граждан, профессионалов, людей с широким кругозором и сильной моральной основой. Учитель передаёт не только знание, но и культуру, ценности и дух времени.

**Анастасия Шикун,**
**студентка группы Ю-24-3**

# ЖІГЕРІ ТАУСЫЛМАЙТЫН ЖАН

**Өзінің саналы ғұмырын оқытушылықпен сабақтастырғандардың бірі – «Герман-роман филологиясы» кафедрасының Еңбек сіңірген профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Евгений Тетюхин.**





Евгений Петрович 1969 жылы өзінің ғылым жолындағы мақсатты бастамасын кадидаттық диссертациямен нығыздап, білім берудің даңғыл бағытын таңдаған болатын. Университетте оның еңбек жолы мен жеткен жетістіктері туралы талай жылы сөз айтылған. Өзінің өмірге деген көзқарасы мен ұстанымы қызықты жаннан алар үлгі де, үйренер тәлім де жетерлік. Ол – әріптестерінің ортасында ғана емес, студенттерінің арасында да ерекше тұлға ретінде танылған адам. Оның өмірлік ұстанымындағы екі бағытты айту арқылы ғана даралық келбетін тани аламыз. Біріншісі, білім беру мен тіл үйрету кезіндегі өзіндік көзқарас, екіншісі – спорт шеңберіндегі даралығы.

Евгений Тетюхин ең алдымен тіл маманы. Бастапқыда неміс тілін үйретсе, кейін ағылшын тілін жетік меңгеріп, басқаларға үлгі танытып келеді. Мысал ретінде тарқатар болсақ, ол ғылыми және педагогикалық қызметін халықаралық стипендиялар мен гранттар аясында ойната білген ізденімпаз жан. 2001 жылы Қазақстан мен АҚШ елдері ұйымдастырып, ағылшын тілінен үздік оқытушысын таңдаған байқауда біздің кейіпкеріміз жеңімпаз танылған. Сондай-ақ оның ұтып алып, еңбек еткен гаранттары – «Alumni Outreach Small grant» (2016), «Fulbright» (2012), «JFDP grant» (2006), «SSEX (secondary school exchange)» (2005), «TEA grant». Яғни, бірнеше рет халық- аралық білім грантын жеңіп алған.

Қашанда жеңіс биігінен көрінетін ғалымның оқытушылық қызметінде де өз артықшылықтары бар және ол көпке үлгі.

– Менің білім берудегі басты тәсілім – студенттердің білуге, үйренуге деген құмарлығына негізделеді. Мені пәнді оқытуға емес, пәнімді оқығысы келетіндер қызықтырады. Алдыма келген студенттер «present and definite», «My name is Vasya» дегенімді ғана емес, олар бұл сөздерді білудің маңыздылығын түсінулері керек. Құштарлығы бар студент қашанда қуантады, – дейді.

Осылайша, Евгений Петровичтың тәлімгерлік тұжырымы студенттерінің көзқарасымен сипатталады. Ол емен-жарқын, жылы әңгімелер оқытушы мен студент арасындағы орын алатын стериотипті жоюға кепілдік деп түсінеді. Евгений Петровичтің 1983 жылдан бері өткізіп келе жатқан іс-шарасы – ай сайын табиғат аясында «пикник» ұйымдастыру. Бұл методикасы студенттердің тұлғалығын жан-жақты дамытуға және олардың ой-өрісін кеңейтуге тиімді дейді. Таза ауа, табиғат аясына шыққандар әңгімелесе отырып, құнды тәжірибелерімен бөліседі, табиғаттан ләззат алады және қаланың қарбалас өмірінен демалып, бойлары сергиді.

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Евгений Тетюхиннің Паралимпиадалық комитеттің мүшесі, ҚР Мүгедектер спорты қауымдастығының атқарушы комитетінің мүшесі, Солтүстік Қазақстан мүгедектер спорты федерациясының атқарушы директоры деген өмірлік өткелдері де бар. 1999, 2000 және 2002-2007 жылдары Анкоридж және Фербенкс, Аляска, АҚШ қалаларында мүгедектердің құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық конференцияға қатысып, бірқатар мәселенің көтерілуі мен шешілуіне ұйытқы болған белсенділігі де ұмыт болған жоқ.

Ол әлі күнге дейін спорттық іс-шаралардың бел ортасында. Жастайынан спортпен шұғылданған Евгений Петрович арбамен жүретін мүгедектердің 150-ден астам әлемдік марафонына, 2000 жылы Сиднейде және 2004 жылы Афинада өткен Паралимпиада ойындарына қатысқан. Оған халықаралық дәрежедегі спорт шебері деген атақ оңайлықпен берілген жоқ. Оның астарында үлкен маңдай тер, жігерлі мінез, өзіне деген сенімділік түсініледі.

Зейнет жасындағы Евгений Тетюхинді университет әкімшілігі білімді де білікті маман ретінде жібермей отыр. Өзі де ұрпақ тәрбиелеуден жалығатын жан емес, керісінше бар білгенін шәкірттерінің бойына сіңіру.

– Бүгінгі таңда тіл үйренудің мүмкіндігі зор. Көптеген бағдарлама бар. Тіпті, ағылшын тілінде сөйлейтін елдерге онлай саяхат жасауға болады. «Camp counselor USA» студенттерге, мүгедек жандарға, балаларға, карттарға қандай ыңғайлы бағдарлама. Гаджеттердегі бағдарламалар ше?! Иә, бұл бүгіні заман жастарына қолжетімді. Бірақ кітап оқу деген мәселенің ұмытылып бара жатқандығы қынжылтады. Осы олқылық мені қатты алаңдатады, – дейді тәлімгер.

Студенттер өздерінің ақыл-ойына сенімді болу керек, яғни қазіргі технологиялық даму үдерісінен өзіне қажеттілерін ғана ала отырып, шығармашылық потенциалын дамытуды ұмытпау қажеттігі бүгінгі жастардың дағдылы әрекеттері болу керектігін баса айтады.

**Айгерім Маралова,**
**Гүлзада Айдарбекова,**
**«Журналистика» кафедрасының**
**3-ші курс студенті.**

# ШЕКПЕНІ КЕҢ ОҚЫТУШЫ-ҒАЛЫМ



**М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде зейнет жасына жетсе де білімі мен білігі жоғары бағаланып, қызметтен қол үзбей келе жатқандардың қатары жүзден асады. Дәлірек айтсақ, 44 ер және 66 әйел білім ордасында қызметтерін жалғастыруда. Солардың ішіндегі жас жағынан үлкені – «Журналистика» кафедрасының профессоры Заркын Тайшыбай.**




Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Заркын Тайшыбай ғалым-ұстаз ғана емес, талайға үлгі боларлық тұлға. Еңбеккор ағамыздың білім мен ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосып, әлі де қолынан қаламы түспей келе жатқаны баршамызға мәлім. Оның жылдар жемісін дәріптеген жоғары оқу орны былтырғы оқу жылында ғалымның атындағы дәрісхана ашып, еңбегіне үлкен баға берген болатын.

Заркын Сыздықұлының шығармашылық жолы туралы әңгіме қозғалса, оның – абылайтанушы, абайтанушы, мағжантанушы, алаштанушы деген салмағы қомақты, мазмұны терең анықтамаларымен ұлтқа сіңірген еңбегі айқындала түседі. Саналы ғұмырын тұлға тануға, еліміздің ғылымы мен бұқаралық ақпарат құралдарын жетілдіруге, ұрпақ тәрбиелеуге арнап келеді. Ағамыз ғалымдықтың алғашқы қадамын, зерттеу нәтижесінің білім кәусәрін 1967 жылдан бастап сезінген. Сол сара жолдың жалғасып келе жатқанына биыл – 61 жыл.

Заркын Сыздықұлының ғылыми-публицистикалық зерттеулерін жүргізіп, үлкен мұра жинақтаған тақырыптарының бірі – Абай ғұмырнамасы. Бұл тақырып «Абайтанудың революцияға дейінгі қайнар-көздері» деген диссертациялық жұмыспен басталған. «Абай және баспасөз», «Абайдың Ескендір поэмасы», «Абайдың нағашылары мен қайын жұрты туралы», «Абайтану арнасында», «Абай және революцияға дейінгі мерзімді қазақ баспасөзі», «Абайдың сандығы қайда?» сияқты көптеген публицистикалық-зерттеу еңбегін жазған. Ғалым Абылайханды зерттеу үшін өзінің қырық жыл өмірін арнапты, бұл оның еңбекқорлығының бір көрінісі.

2007 жылы Заркын Тайшыбайдың қаламынан «Мағжанның Қызылжары» атты монографиялық еңбек жарық көрді. Онда ақынның өмірі мен қызметі туралы мағлұматтар нақты жазба деректермен, мұрағат құжаттарымен беріліп, қауымды үлкен ықыласқа бөледі. 2019 жылы жарыққа шыққан «Мағжанның өмірі мен щығармашылығы» атты кітабында ақынның өмір жолы бойынша мұрағат құжаттары негізінде хронологиялық тізбек жасап, Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын терең зерттейді. Бүгінде бұл басылым мағжантану тақырыбын зерттеуге көңіл білдірген жас ғалымдар үшін таптырмас дерек көзі.

Заркын аға еліміздің теріскей аймағының тарихы мен топонимиясын зерттеп, өлкетану тұрғысында да бірқатар құнды еңбектер жазған. Өлке тарихына байланысты нақты деректерге негізделген «Қазақстанның солтүстігіндегі қазақ газеттері», «Қазақша жастар баспасөзі», «Абылай атын ардақтап», «Мағжанның Қызылжары», «Сыр сандығым – Қызылжар», «Есіл даласы» – 100» және «Жас азамат» – 95» сияқты ғылыми-пулицистикалық стильде жазылған еңбектерін ғалым-журналистің Солтүстік өңір үшін сіңірген үлкен еңбегі деп бағалаймыз.

Ғылымды ұстаздықпен қатар алып жүрген Заркын Тайшыбай еліміздің Қарағанды және Қызылжар қалаларындағы жоғарғы оқу орындарында журналистер мектебін қалыптастырып, жарты ғасырға жуық білікті кадрға, шебер журналистерге қанат қақтырып келеді. Оның мақсаты – мықты журналист қана емес, өз Отанының патриотын, ұлт жанашырын даярлау. Оның шекпенінің астынан шыққан талай шәкірт медиасалада абыройлы еңбек етуде.

**Зоя Мелихова,**
**«Журналистика» кафедрасының**
**3-ші курс студенті.**



"Адамдар жердің сәні болатын болса, адамдарға ақпарат беретін журналистер шықпай қалатын болса, адамдардың сәні кетіп қалар еді. Бәрі бір-бірімен байланысты".

**З.С. Тайшыбай**

«ПАРАСАТ»
газеті

МЕНШІК ИЕСІ:
«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы.

БАСПАГЕР:
«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ
тарих, экономика және құқық факультетінің
«Журналистика» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:
Гүлгүл Тулешева.
ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:
Павел Притолюк.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:
15000, Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі,
№ 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат»
редакциясы, parasatmedia.ku@gmail.com.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы
№KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.
Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.
Газет ай сайын шығады.
Таралымы: 10 дана.
Тапсырыс №158.

Газета
«ПАРАСАТ»

СОБСТВЕННИК:
Некоммерческое акционерное общество
«Северо-Казахстанский университет имени
Манаша Козыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:
Кафедра «Журналистика»
факультета истории, экономики и права НАО
«СКУ им. М. Козыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:
Гүлгүл Тулешева.
ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:
Павел Притолюк.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:
150000, Северо-Казахстанская область, город
Петропавловск, улица Магжана Жумабаева,
дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215,
редакция «Парасат»,
parasatmedia.ku@gmail.com.

Свидетельство о постановке на переучёт
№KZ73VPY00042947 выдано Министерством
информации и общественного развития
Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.
Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.
Газета выходит 1 раз в месяц.
Тираж 10 экземпляров.
Заказ №158.

# БЕС АСЫҚ ОЙЫНЫНАН ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Асық ату мен бес асық ұлттық ойындары жастар арасында кеңінен таралуда. Бұл ойын біздің студенттер үшін де таңсық емес. Осы жылдың қыркүйек айының 17-27 аралығында Қызылорда облысының Арал қаласында асық ойындарынан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтіп, біздің алты студент университеттің ғана емес, облыс намысын қорғап қайтты. Бес асық ойынында Ділназ Кемел, Сания Саркен, Зарина Ермағанбет және Сания Әскер бақ сынаса, асық атуға Саят Ноянов пен Айбын Досмағұлов қатысты.

Республикалық сайыста командалық және жекелей сын сағаты болды. Қыздар бес асықтан, ұлдар асық ату ойыны бойынша өз өнерлерін ортаға салды. Бес асықтан тоғыз құрама команда, асық атудан он үш топ күш сынасқан. Командалық сайыста қыздар үшінші орынға тұрақтап, Солтүстік Қазақстан облысы қоржынына қола жүлде салды. Жеке сайыста Сания Әскер үшінші орынды иеленді.

Сәния Әскер Қазақстанның спорт шебері және Еуразия Кубогінің чемпионы. V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына қатысып, ел намысын абыроймен қорғап келген спортшы. Бес асықпен кәсіби айналысып жүрген Сәния әлі талай жеңістің тұғырынан көрінері сөзсіз.

**Ұлан Сейілбеков,**
**“Журналистика” кафедрасының**
**3-ші курс студенті.**




**Қымбатты оқырмандар!**
Құрметті Kozybayev University оқытушылары, студенттері мен қызметкерлері! Сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттер мен адамдар жайындағы қызықты жазбаларыңызды, ғылыми ізденістеріңіз бен өзекті мәселелер туралы материалдарыңызды жіберіңіздер.

**Дорогие читатели!**
Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University приглашаем вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.